

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орындары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 15 ақпан N 106. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998.04.20. N 348 қаулысымен. ~P980348

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1993 жылы мыналар:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Алматы өрт-техникалық училищесі негізінде ішкі істер органдарының "Өрт қауіпсіздігі" және "Радиотехника" мамандықтары бойынша жоғары білімді басшы құрамын даярлайтын, жыл сайын 100 адам қабылдайтын және оқу мерзімі 4,5 жыл Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Алматы жоғары техникалық училищесі;

Қостанай облысы Ішкі істер басқармасының қатардағы және басшы құрамның кәсіби даярлық мектебі негізінде ішкі істер органдарының "Хұқықтану" мамандығы бойынша арнаулы орта білімді басшы құрамын даярлайтын, 1993 жылы - 100 адам, 1994 жылы - 150 адам, 1995 және одан кейінгі жылдары - 250 адам қабылдайтын, оқу мерзімі 2 жыл Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қостанай арнаулы орта мектебі;

Павлодар облысы Ішкі істер басқармасының қатардағы және басшы құрамның кәсіби даярлық мектебі негізінде ішкі істер органдарының "Өрт қауіпсіздігі", "Радиотехника" және "Жол қозғалысын ұйымдастыру" мамандықтары бойынша арнаулы орта білімді басшы құрамын даярлайтын, 1993 жылы - 100 адам, 1994 жылы - 150 адам, 1995 және одан кейінгі жылдары - 250 адам қабылдайтын, оқу мерзімі 2,5 жыл Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Павлодар арнаулы орта техникалық мектебі құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары және арнаулы орта оқу орындарына 25 жасқа дейінгі, ішкі істер органдарындағы қызметке денсаулығы жарамды адамдарды қабылдауға рұқсат етілсін. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары және арнаулы орта оқу орындарының тыңдаушылары мен курсанттары міндетті әскери қызметке шақырудан босатылып, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің арнаулы есебіне қойылсын. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары және арнаулы орта оқу орындарында оқу мерзімді әскери қызметті өткерумен теңестірілсін.

3. 1993 жылы Алматы жоғары техникалық училищесін, Қостанай арнаулы орта мектебін және Павлодар арнаулы орта техникалық мектебін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі оқу орындарының тұрақты құрамының штат саны шегінде және республика ішкі істер органдарының жасақталмаған кадрлары есебінен жүзеге асырылсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аталған оқу орындарын ұстауға арнап бұдан былай Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігіне қажетті бюджет қаражатын бөлетін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі құрылған оқу орындарына арналған үлгі оқу жоспарын Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің келісуі бойынша әзірлеп, бекітсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі